



«АҚ ЖОЛ»:

НЕЛІКТЕН ТӘЖІРИБЕЛІК
СЫНАҚ ТЕК ОБЛЫС
ОРТАЛЫҚТАРЫНДА
ӨТКІЗІЛЕДІ?

4-бет



АҒАЛАРЫМ
МЕНІҢ...

5-бет



«Я АМЕРИКАНЕЦ И
ВЫУЧИЛ КАЗАХСКИЙ
ЯЗЫК В АМЕРИКЕ»

15-бет

ҚАЗАҚҰНИ20

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№5 (875), 3 ақпан, 2020 жыл

СЫН ТҮЗЕЛДІ, МІН ҚАШАН ТҮЗЕЛЕДІ?



ШЫРҚАУ БИІК

Қазақстанның еңбек сіңірген
артисті, мемлекеттік сыйлықтың
лауреаты Кеңес Жұмабеков
туралы үзік сыр

Кеңес, негізі, ылғи айналасындағы құбылыстардың өзінен бал жинаған арадай, алдағы образына қажетті материал іздейді. Белгілі қойылымға қатысты әдебиеттен бөлек психологиялық оқулықтарға дейін ақтарып, ұзақ еңбектенеді.

8-9
бет



Үкімет басшыларының төрт көзі түгел жиналған ордалы отырыста Қазақстан Президентінің сөйлеген сөзінің басым бөлігі орын алып жатқан кемшіліктерді ашып көрсетуге арналды, сыналмаған сала қалмады десек артық айтқандық емес. Әсіресе, еліміздегі экономикалық дамуға баса назар аударған Қасым-Жомарт Тоқаев оны несиелендірудің көңіл көншітпейтінін, өткен жылы ол бір пайызға төмендегенін мысалға келтірді. 2019 жылы ЕАЭО елдері арасында инфляция бойынша «чемпион» болғанымызды да еске салды.

2
бет



ҚАЗАҚ АНАЛАРЫНА ЕСКЕРТКІШ ОРНАТУ КЕРЕК

Астананың Атымтай жомарты атанған алтынбай Алтынбай інімнің шаңырағындағы кезекті бір отырыста аты алты Алашқа белгілі бір ағамыздың өзінің анасының ерлігі туралы әңгімесін есіткенде қазақ әйелінің не деген данышпан, не деген көреген және ең бастысы не деген төзімпаз екеніне қайран қалып, қатты риза болдым! Бірден ойыма Қазақ аналарының даналығы (ішінде әзіз әжелерім, аяулы анам да, асыл жарым, әдепті бауырмал әпкелерім, қадірлі қарындастарым, тәрбиелі қызғалдақ қыздарым, сәлемін үзбейтін инабатты да, иманды келіндерім де бар) ешқандай әлемде, ешқандай елде жоқ қой деп ойлады!

3
бет

НЕБЫВАЛАЯ ПАНИКА ИЗ-ЗА КОРОНАВИРУСА В КИТАЕ

С самого начала появления и распространения коронарного вируса в Китае скончались по данным на 29 января 132 человека, зафиксированы около 6000 случаев заражения. Предположительно, их может быть еще больше – свыше 9 000. Может ли вирус в XXI веке убить миллионы людей, как «испанка» в 1919 году? Откуда он появился? Чем новая разновидность отличается от известных ранее?



12
бет



АБАЙ ӨЛЕҢІН НЕГЕ БҰРМАЛАЙМЫЗ?

Елге өз деңгейінде танылып үлгерген ақын жігіт Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңінің бесінші жолында: «Бұл мақұрым қалмағыма кім жазалы» дейді. Кінәлінің жазаланатын, жазаланбайтын түрі болады. Қылмыс жасаған адам жазланады...

11
бет

СЫН ТҮЗЕЛДІ, МІН ҚАШАН ТҮЗЕЛЕДІ?

Жақында ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысы өткені белгілі. Алдымен өткен жылдың әлеуметтік-экономикалық даму нәтижелері қарастырылып, былтыр жақсы көрсеткіштерге қол жеткізгеніміз жайында айтылып, экономикалық өсім 4,5 пайыз болғаны атап өтілді.



Үкімет басшыларының төрт көзі түгел жиналған ордалы отырыста Қазақстан Президентінің сөйлеген сөзінің басым бөлігі орын алып жатқан кемшіліктерді ашып көрсетуге арналды, сыналмаған сала қалмады десек артық айтқандық емес. Әсіресе, еліміздегі экономикалық дамуға баса назар аударған Қасым-Жомарт Тоқаев оны несиелендірудің көңіл көншітпейтінін, өткен жылы ол бір пайызға төмендегенін мысалға келтірді. 2019 жылы ЕАЭО елдері арасында инфляция бойынша «чемпион» болғанымызды да еске салды. Мемлекет басшысы еліміздегі қаржы саясатының тиімділігін арттыру керектігін де баса айтты. Оның айтуынша, банк секторының экономиканы дамытудағы көрсеткіштері жылдан жылға құлдырап барады, корпоративтік саланы несиелендіру – 8,7, шағын және орта бизнесті – 18, ауыл шаруашылығын несиелендіру – 48 пайызға төмендеген. Ал тұрғындарды несиелендіру 24 пайызға артқан, оның ішінде үштен екісіне ешқандай кепілдіксіз қаржы берілген. Кіші және шағын бизнесті салықтан

босату олардың дамуына мүмкіндік жасайды. Сонымен бірге Арнаулы экономикалық аймақтарды да салықтан босатқанмен бірнеше жыл өтсе де олардан қайтарылым болмай жатыр. 2018 жылдың өзінде 4,5 трлн. теңге салықтық жеңілдіктер жасалды, нәтижесінде бюджет кірісі 32 пайызға азайған.

Президент тұрғындарымызды баспанамен қамту бағытында құрылыс материалдары мен құрылысты жобалау жұмыстарының тым қымбат болуы сәйкесінше пәтерлер бағасын да негізсіз көтеріп жіберетінін айтып бұл салаға да сын айтты. Осыған орай бағаны тиімді қалыптастыруға тапсырма берді.

Мемлекет басшысы біздегі квазимемлекеттік салаға нақтырақ тоқталды. 2007-2018 жылдар аралығында мемлекеттік холдингтерге 7 трлн. теңгеден аса қаржы бөлінген, бірақ айтарлықтай нәтиже жоқ. Есеп комитеті көптеген кемшіліктерді анықтаған. Біріншіден, бірін бірі қайталайтын, штаттары қампиган мекемелер көп. Мысалы «Бәйтеректің» ғана 63 мекемесінің 11 еншілес бөлімдері бар, онда 2,8 мың

қызметкер, «КазАгроның» 3 еншілес компаниясында 2 мың қызметкер тіркелген. Бір ғана «Бәйтеректің» әкімшілік шығыны 54 млрд. теңгеден асады, оның 24 млрд. теңгесі айлыққа жұмсалады екен. Демек, квазимемлекеттік мекемелерді онтайландыруға берілген тапсырма орындалмаған. Мұндай жағдай өзге де салаларда жетіп артылады.

Мемлекет басшысы осы отырыста айтылған өзге де сынға байланысты аталған кемшіліктерді жоюға Үкіметке нақты тапсырма беріп, бұл мәселеге көктемде міндетті түрде қайта оралатынын ескертті. Дана халқымызда бұрыннан келе жатқан «Сын түзелмей, мін түзелмейді» – деген түсінік бар. Бұл жолы сын аз айтылған жоқ, оны орындау деуіміз керек. Қашанғы «Қырып жатырмыз, жойып жатырмыз!» деп мақтанып, өзімізді өзіміз алдай береміз. Кемшіліктерімізді көзге түртіп көрсетіп, соны түзгеніміз жөн. Сонымен біздің жоғары билікте сын түзелді делік, ал мін қашан түзеледі? Оны алдағы уақыт көрсете жатар...

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасынан кейін Үкімет биылғы бюджет шығынын қысқартуға кірісті. Осыған дейін, 30 миллиард теңге қажеті шамалы шараларға жұмсалатын деп тұрған жерінен қазынамызда қалдырылды.

ҮКІМЕТ ҚАРЖЫ ҮНЕМДЕУГЕ КӨШТІ

Мемлекеттің миллиардтары мағынасыз жиындарға жұмсалса, министрлерге онай тиімсіз белгілі. Тоқаев бюджет қаржысын алдағы уақытта үнемдеуді қатаң тапсырып, қажеті шамалы шараларды өткізуге ұзақ мерзімді мораторий жариялады. Тіпті, биыл Дубайда өтетін ЭКСПО-ға бөлінген 9 миллиард теңге де қайта қаралуы мүмкін. Егер комиссияда оның тиімділігін дәлелдей алмаса, кететін шығын қайта түзетіледі. Тоқаевтың тапсырмасы бойынша екінші деңгейлі банктерді сауықтыруға да бюджет қаржысы жұмсалмайтын болды. Қоржындағы қаражатын нарықта тиімді айналыра алмаған банктерге көмек

берілмейді. Шығынды азайту деген тек министрліктер мен әкімдіктердің ақшасы емес, квазисекторға да қатысты. Енді оларға да тықыр таяды. Әлихан Смайылов, ҚР Қаржы министрі: – Холдингтердің басқармалары өз шығыстарына талдау жасап, директорлар кеңестеріне тиісті түрде енгізу қажет. Соның ішінде «Бәйтерек» және басқалары да бар. Үкімет мүшелерінің екі апта уақыты бар. Осы уақыт аралығында министрліктер, әкімдіктер, ұлттық компаниялар – барлығы шығынды қысқарту туралы ұсыныс беруі тиіс. Сөйтіп биылғы бюджет шығыны екінші рет қысқаруы керек.

ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ МҰРАСЫ – САРҚЫЛМАЙТЫН ҚАЗЫНА

ҚР Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Студенттер сарайында өткен шарада Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығын мерекелеу рәсімі түрде басталғанын айтты.



Мемлекеттік хатшы Әл-Фарабидің 1150 жылдығын мерекелеу ұлы ғұлама мұраларын және біздің елдегі, сонымен бірге шетелдегі әлемдік өркениет дамуына қосқан үлесін зерделеуге, жастардың ұлттық мақтаныш сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ, оларды ғылыми қызмет саласына тартуға мүмкіндік беретінін атап өтті. «Құрметті қонақтар! Баршаңызды Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойымен сіздерге құттық тілеймін», – деді ҚР Мемлекеттік хатшысы. Университет қабырғасында «Әл-

Фараби кітапхана орталығы» ашылды. Тұсаукесер барысында қонақтар ұлы ойшылға арналған мұражай экспозицияларымен танысты, оның шығармалары қойылған көрмені, Абай мен Алаш қозғалысының қайраткерлеріне, сирек кездесетін және құнды кітаптар қорына арналған сандық залды аралап көрді. Алдағы уақытта «Әл-Фараби кітапхана орталығы» ұлы ойшылдың идеялары мен шығармашылығын насихаттайтын болады.

КОРОНОВИРУСҚА ҚАРСЫ ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАНЫ

ҚР Үкіметі жанындағы ведомствоаралық комиссия Қазақстан аумағында жол бермеу үшін бірқатар қосымша қорғану шараларын қабылдады.

Атап айтсақ: 1. 2020 жылғы 29 қаңтардан бастап ҚР мен ҚХР арасында жолаушылар автобусының тасымалы уақытша тоқтатылды; 2. 2020 жылғы 1 ақпаннан бастап ҚР мен ҚХР арасында жүретін жолаушылар пойыздарының бағдары уақытша тоқтатылады; 3. 2020 жылғы 3 ақпаннан бастап ҚР мен ҚХР арасындағы жүйелі әуе қатынасы уақытша тоқтатылады; 4. ҚХР азаматтарына визалар беру тоқтатылды; 5. 2020 жылғы 4-8 ақпан аралығында Халықаралық теннис федерациясының Федерация кубогының іріктеу матчтарын ҚХР-дың Дунгуан қаласынан Нұр-Сұлтан қаласына ауыстыру туралы ұсынысы қабылданды, сондай-ақ, 2020 жылғы 12-16 ақпан аралығында су добынан Азия іріктеу чемпионаты өткізілмейтін болды. Ведомствоаралық комиссия жағдайды тәуліктік режимде қадағалауда. Биылғы 29-қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында коронавирус инфекциясымен сырқаттану оқиғасы тіркелмеген. Аталған мәселе ел басшылығының ерекше бақылауына алынған.

АБАЙ МЕРЕЙТОЙЫНА ЕРІКТІЛЕР ЕРЕКШЕ ҮЛЕС ҚОСПАҚШЫ

Шығыс Қазақстан облысында ұлы ақынның 175 жылдығына орай өткізілетін шараларға өз еріктерімен құлшыныс білдірген 500 волонтер қатыспақшы.

Биыл «Волонтерлер жылы» жарияланғаны белгілі. «Жас келсе – іске» демекші, бұл бастаманы әсіресе, еліміздегі жастар қызу қолдап жатыр. Аймақтарда қандай да бір қоғамдық істердің ортасынан жастарды көруге болады. ШҚО Ішкі саясат басқармасының басшысы Ирина Смиттің айтуынша, қазірдің өзінде еріктілер саны аз емес көрінеді. Өңірдің көптеген жоғарғы оқу орындары студенттері ниет білдіруде. «Абай мерейтойына

орай ұйымдастырылатын шараларға жалпы саны 500 волонтер тарту жоспарланып отыр. Сондай-ақ, 47 кәсіби гидтің тізімі жасақталған. Бұдан бөлек, тағы да 50 гид пен аудармашыны қосымша оқытамыз», – дейді ол. Абай ауданындағы Қарауыл ауылында облыстың әр өңірі жеке киіз үй құрады. Көктемде бұл киіз үй қалашығының аумағында 2 мыңға жуық көшет отырғызылады. Осы жұмыстарға ерікті жастардың көмегі аса қажет.

ЖЕКЕ ҮЛГІДЕГІ ДИПЛОМДАР БЕРІЛЕДІ

2021 жылдан бастап Қазақстанда жоғары оқу орындарының мемлекеттік емес жеке үлгідегі диплом беруі туралы норма күшіне енеді.

Бұл жайында ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттерімен кездесуінде айтты.

Кездесу ашық диалог форматында өтті. Кездесу барысында Асхат Аймағамбетов білім саласы үшін маңыздылығы орасан зор екі құжаттың қабылданғанын атап өтті. Олар – 2020-2025 жылдарға

арналған білім мен ғылымды дамытудың жаңа мемлекеттік бағдарламасы мен «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңы. Министр педагогикалық қызметкерлердің жұмыс жағдайын жақсарту және барлық деңгейде білім сапасын арттырумен жаңартылған білім бағдарламасының артықшылықтары төңірегінде министрлік атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтып берді.

ҚАМҚОРЛЫҚ КӨРСЕТУ ҚАНЫМЫЗДА БАР ҚАСИЕТ

Түркістан облысында 500-ге жуық отбасы «Қамқорлық» кешенді бағдарламасы бойынша жан-жақты көмек алды.



Өңірде өмірлік қиын жағдайға тап болған жандарға қосымша әлеуметтік қолдау көрсетудегі жаңа жоба аясында 1534 отбасына, яғни 6643 адамға көмек көрсетілмекші. Түлкібас пен Бәйдібек аудандарында тұрмысы төмен отбасыларға көмек көрсетіледі. Бұл қаржы сәтте жергілікті бюджет арқылы 1,6 млрд. теңге көлемінде қаржылай қолдау көрсету қарастырылуда. Осы және өзге де маңызды мәселелер облыс әкімі Өмірзақ Шөкеевтің төрағалығымен өткен мәжілісте қаралды. Аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес жүзеге асырыла бастаған жаңа бағдарлама аясында тұрмыс тауқыметін тартқан жандар

ды қажетті азық-түлікпен қамту, медициналық жәрдем беру қарастырылған. Оларды тұрақты жұмысқа орналастырып, мамандығы жоқ азаматтарды қайта оқу курстарына жолдама беру мен баспанамен қамту мәселесін демеушілерді тарта отырып шешу көзделген. Аталған шараға жергілікті атқарушы орган өкілдері, аудандық мәслихат депутаттары және кәсіпкерлер татысуда. Өмірзақ Шөкеевтің тапсырмасына сәйкес олар әр үйді жеке аралап, жағдайымен танысып, қамқорлық көрсететін болады.

Астананың Атымтай жомарты атанған алтындай Алтынбай інімнің шаңырағындағы кезекті бір отырыста аты алты Алашқа белгілі бір ағамыздың өзінің анасының ерлігі туралы әңгімесін естігенде қазақ әйелінің не деген данышпан, не деген көреген және ең бастысы не деген төзімпаз екеніне қайран қалып, қатты риза болдым!
Бірден ойыма Қазақ аналарының даналығы (ішінде әзіз әжелерім, аяулы анам да, асыл жарым, әдепті бауырмал әпкелерім, қадірлі қарындастарым, тәрбиелі қызғалдақ қыздарым, сәлемін үзбейтін инабатты да, иманды келіндерім де бар) ешқандай әлемде, ешқандай елде жоқ қой деп ойладым!

ҚАЗАҚ АНАЛАРЫНА ЕСКЕРТКІШ ОРНАТУ КЕРЕК

Қазақ аналарына Астанада ғана емес, әр қалада, әр ауданда алып ескерткіш орнату керек деген ой туды!

Иә, ешқашан жат елдің жамылғысын, қап-қара киімді қалың жамылып, тұмшаланып, тұйықталып, тығылып жүрмеген, қажет кезінде қару алып, шапқыншылықта шалбарланып жауға шапқан, керек кезінде кесімді сөзін хан алдында да кесіп айтқан (Жезбике ана, Домалақ ана, Жиренше шешен жары Қарашаш, Алпамыс пен Қобыланды, Ер Тарғынның тб әйгілі хандарымыз, баһадүр батырларымыз бен атақты ақын-жырау, белгілі билеріміздің аналары мен асыл жарлары, қарындастары тб.)

Қылыштан қан тамған қаһарлы Кеңес империясының жаназасын алғаш айтқан әйгілі Қазақ Желтоқсанында да мұзды алаңда мұздай қарулы әскерге аттан салып атқа мінген де Қазақ қыздары! Мен сонда алаңға шыққан алдаспан Алаш Жігіттеріне қайрат берген Ұлттық намыспен бірге ең алдымен Қазақ қыздарының қаһармандығы мен қайрау деп білемін.

Кешегі нарық дәуіріне өткенде нағай қайрат көрсетіп, базарларда бар еңбегін салып, отбасыларын асырап қалған да Қазақ аналары!

Бүгін де биік сана, білікті де білімді тұлғаларымен тұрмыс түзеуге де, Ел тірлігіне де ҚРлармен бірге ерекше үлес қосып отырған да ҚАЗАҚ АНАЛАРЫ!

Әйгілі тарлан ағамыздың тағылымды әңгімесіндегі өзінің анасының ерлігі Неде деп ойлайсыздар?

Қызыр аралаған Қызылдың құмында, шағылы мен шағаласы қатар шулаған Шардарада туған ағамыздың айтуынша, үйіне қонақтар келгенде күтіп жатқан бұларға әңгілер «ішпейсіңдер ме өздерің» дейді екен. Сонда дайын отырған бұлардың алдын ораған анасы: «Әкелеріне тартқан бұлардың ерніне елу грамм тисе болды, еріп кетеді, зорламандар!» дейді екен.

Ағамыз бір күні анасынан сұрапты: «Біз бәріміз ішуге кетеріміз емес болып қайдан шыққамыз? Әкеміз ішпейді. Сіз болса да татып алмайсыз?» депті.

Сондағы анасының жауабын естігеніңіз қайран қаласыз!..

«Әкелерінің артын жауып келе жатқан менмін ғой» деп, бәрін жайып салыпты.

Сөйтсе, әкелерінің анда-санда жылына үш төрт рет ішетінін шешесінен басқа бүкіл ауылда ешкім білмейтінінде аналарының алапат еңбегі, көрегендігі, даналығы бар екен!

Ішу дегеніңіз былай тұрсын, күйеуінің көзіне шөп салғанының үстінен түссе де, еріне де, еліне де, балаларына да әкелері өмірден өткенше білдірмей өткен екен.

— Неге ішкенін де, істеген күнәсін де жасырған анаңыз? — деймін ғой ағамызға.

— Балаларының, елдің алдында Менің Ерімнің — отбасымның иесінің абыройы түседі ғой, өз күнәсімен өзін жеп қояды ғой» — деп жауап беріпті Асыл Ана!

Не деген Кеменгерлік!..

Ағамыздың әкесі ішетін кезде әйеліне «маған оңаша бөлме керек» дейді екен. Сол кезде оңаша бөлмедегі «духовкаға» әйелі арақты және ішіп-жемін толтырып, бөлменің есігін тарс етіп жауып қояды екен. Кім, қандай қонақ, тіпті құрметті құдалары келсе де, (шәй ішуге келген Шәрбаттарға болса да жол жоқ...) «ауырып жатыр» деп есігін ашпайды екен ғой жарықтық...

— Анда-санда дәрет сындыруға далаға шыққанда бет-аузы күп болып ісіп, көзі қызарып кеткенін, әжетханаға әрең тәлтіректеп барып келгенін көріп, «шынында әкеміз қатты ауырып жатыр екен ғой» деп ойлайтынбыз. Ішеді деп кім ойлаған? Оның үстіне әкемізге жабысып, аузын иіскемейміз ғой. Бетіне қарауға да қаймығамыз. Бәрі шешеміздің шектеуі, тәлімді тәрбиесі — «әкелеріне айтамын» десе, бұзықтығымызды ұмытып, жым боламыз. Әкеміздің ішетінін біз түгіл бүкіл ауыл білмей кетті солай... «Ол енді анамыздың айрықша кеменгерлігі» деген көкеміз риза болып есіне алады әке-шешесін.

«Ал енді әйелінің көзіне шөп салғаны туралы не әңгіме» деймін ғой журналистігім қыстап мен де.

О-о, ол енді сұмдық әңгіме!

Шардара ауданының әр арығының шетіндегі оман арықтар маңына қауын егеді екен ел. Шайла тігіп алып, ала жаздай қауындықтың шабығын шауып жатады екен елдің еркектерінің бәрі!..

Ағамыздың қауын егіп жатқан әкесіне



түсте кеспе көже мен шәйін апарды екен апамыз.

Бір күні түсте құдаларының құдайы тамағы болатын болғасын, түсте емес — бір-екі сағат ерте барып қалыпты әдеттегі уақыттан. Сонда күйеуінің күнәлі ісінің үстінен түскен ғой! Бүгінгінің кейбір заңқой заржақ әйелдері болса, бұл сұмдықты суретке түсіріп, фейсбукке жариялап, полиция шақырып, балаларына жайып салып, базар-шу қылатын еді!..

Ал біздің асыл да, аяулы апамыз не істеген десеніңізші?!

Көрмеген секілді кетіп қалып, Сырдың бойындағы қалың тоғайдың ішінде қамығып отырыпты. Олар қашан «ісін» бітіргенше... Көрші егістікте қауын егетін жесір әйел күйеуінің шайласынан шығып кеткенде, апамыз енді ғана ауылдан келген болып, еріне ең жақсы көретін (әйелінің әдемі істеген асынан басқа тамақты ішпейді екен ол атамыз) кеспе көжесін келістіріп тұрып беріп, (жарықтық біздің көкеміз де түспе көжені ерекше жақсы көретін, есіме түсіп кетіп, көзім жасаурап отыр), шәйін ішкізіп, шәй деспей, түк болмағандай кетіпті ғой қайран Қазақ анасы!..

— Неге ішкенін де, істеген күнәсін де жасырған анаңыз? — деймін ғой ағамызға.

— Балаларының, елдің алдында Менің Ерімнің — отбасымның иесінің абыройы түседі ғой, өз күнәсімен өзін жеп қояды ғой», — деп жауап беріпті Асыл Ана!

Не деген Кеменгерлік!

Жалаң қылышпен жауға шапқаннан жүз есе артық Ерлік қой бұл! Ең үлкен ерлік — жеке басыңның ерлігі мен өзімпаздық екпінін Ел үшін, Ер үшін, Отбасы үшін тоқтатып, жеңе білуің!

Ең үлкен Ерлік — Еріңнің, сүйіп қосылған жарыңның пендеуі күнәсін періштелік

кешіріммен қарап, қасиетті қазақ Отбасының сақталуы үшін кендік танытып, кеменгерлік көрсете білуің!

«Бұл әкеніздің күнәсін анаңыз қашан айтты?» — деймін ғой мен Қазақ Анасының айрықша ерлігіне риза болып.

— Әкем өлгесін айтты. Ішкенін де, істегенін де — дейді ағамыз анасына риза болып...

Иә, өзінің асыл жары әлсіздік жасап, еркектік еркелікке — шайтан тірлікке шалдығып жатса, Қазақы Қасиетпен, ұлттық ұстаныммен, иманды да, инабатты ибалықпен, ең бастысы Еріне деген ең үлкен Құрмет, Отбасы басшысына деген орынды сый — Құдіреттілікке деген құзырмен Құдай алдындағы Кеменгерлік кешірімділік көрсеткен Асыл Ананың даналығы — Қазақ әйелдерінен басқа ешқандай елдің әйелдерінің қолынан да келмейтін, қолына келмек түгілі ойына да келмейтін орасан Ерлік қой бұл!

Асыл анамыз Ерлі қайтыс болғасын он шү баланы орасан еңбек етіп өзі асырап өсірген!

Астанада аузынан ақ май ағып отырған атақты қаламгер ұлына әр күн сайын телефон соғып, «жейтін нандарың бар ма» деп, зейнетақысынан ақша аударып отырған?! Иә, әлемдегі ешқандай дамып кеткен, тіпті ғарышқа қоныс аударып жатқан (бәрібір алғаш адамзатты Айға ұшырған Бай-Қоңыр Қазақ даласында) елдердің де, ешқандай мемлекет, үкімет, министрлік, шат, облыс, губерния басқарған әйелдердің де қолынан келмейтін, тек Қасиетті Қазақ әйелінің ғана қолынан келетін Ерлік!

Тек Қасиетті Қазақ Аналарының қолынан ғана келетін Ерлік!

Қазақтың қасиетті аналарына әрқашан тағзым — бас иемін!

Қазыбек ИСА

МӘДЕНИЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ АЛҒАШҚЫ БАЯНДАМАСЫ НЕГЕ РЕСЕЙ ТІЛІНДЕ ЖАСАЛДЫ?!

Елордадағы Ұлттық академиялық кітапханасында ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Кеңесі мен ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің жанындағы Мәдениет және спорт мәселелері жөніндегі Қоғамдық кеңес мүшелерінің отырысы өтті.

Жиынды Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова сөз сөйлеп ашты. Абайдың 175 жылдығына арналған мерейтойдың ашылуымен құттықтап, күн тәртібімен таныстырды.

Алғашқы баяндама Ресей тілінде жасалды. «Мәдениет және спорт министрлігі — Адалдық алаңы» жобалық кеңесінің қызметі туралы жоба кеңесінің жетекшісі М.Қамзолдаев баяндамасын орыс тілінде жасады.

Әрине, біз бірден қарсы



шығып: «Баяндама неге орыс тілінде жасалуда? Бұл Ресейдің Мәдениет министрлігі ме?» деген сұрағымызға баяндамашы баянды жауап бере алмады.

«Әндіжанда бір әпкем бар, бұдан да өткен сорақы» дегендей, министрліктің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасы, Олимпиада чемпионы Серік Сәпиев те баяндамасының басым бөлігін отарлаушы ел Ресей

тілінде жасады. Қамзолдаевтан артықшылығы — кіріспесі мен қорытындысы қазақ тілінде болды әйтеуір!..

Сонда Мәдениет министрлігі комитет басшылары мен қызметкерлері баяндама жасарда министрмен кенеспей ме?!

Ал Мәдениет министрі А.Райымқұлова бұл сынымызды дұрыс қабылдап, келесіде баяндамалар тек мемлекеттік тілде бо-

латынына уәде берді. Біз министр сөзіне сенім білдіреміз.

Сонда Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауы тиіс Мәдениет министрлігі қызметкерлері Ресей тілінде сөйлеп жатса, өзгелерден не күтуге болады?!

ҚР жанындағы Ұлттық кеңес мүшесі Сейдахмет Құттықадим Димаш Құдайберген, Самал Еслям, Ержан Мақсым секілді дарбоз дарындарға мемлекеттің

де көмегі керектігін сөз етті. Бұл сыңа Мәдениет министрінен бастап, біраз министрлік қызметкерлері тиісті жауап берді. Өнер университеті ректоры Айман Мұсақожая да бұл жауаптарды қостады.

Белгілі композитор Алтынбек Қоразбаев жазушы Марал Ысқақбай басқаратын Қазақ авторлар қоғамының басындағы лаулы Бұйырған Есенәлиевтердің ланы туралы өткір сөз қозғады. «Осылардың кесірінен қоғамның 3,5 мың мүшесі 800 миллион қаламақысынан айрылып отыр» деді композитор.

Көрнекті жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Төлен Әбдік ауыл спортына дамыту жайлы сөйледі.

Қазыбек ИСА

«АҚ ЖОЛ»:

НЕЛІКТЕН ТӘЖІРИБЕЛІК СЫНАҚ ТЕК ОБЛЫС ОРТАЛЫҚТАРЫНДА ӨТКІЗІЛЕДІ?

Автоматтандырылған ипподромда жүргізудің тәжірибелік сынағы неге тек облыс орталықтарында өткізіледі? Мәжіліс депутаты Кенес Абсатиров ҚР Премьер-министрі Аскар Маминге осы тақырыпта депутаттық сауал жолдады.

Ол «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асырылғанына қарамастан, электронды қызметтерді енгізу кейбір жағдайларда, әсіресе ауыл тұрғындары үшін кедергілер мен проблемалардың туындап отырғанын атап өтті.

Мәселен, еліміздің өңірлерінде Халыққа арнайы қызмет көрсету орталықтарының ашылуы аталған қызметтерді ұсыну уақытын орташа есеппен 2 сағатқа қысқартады. Өткен жылдың 1 шілдесінен бастап Ішкі істер министрлігінің тіркеу-емтихан бөлімшелерінің таратылуына және жүргізуші куәліктерін емтиханын өткізу орталықтарының осы орталықтарға берілгені белгілі. Осыған байланысты, ауылдар, аудан орталықтары мен аудандық маңызы бар қалалардың тұрғындары облыс орталықтарындағы қызметтерге жету үшін көп уақыт пен қаражат жұмсауға мәжбүр.

Бұл тіпті жарыс жолының аумағында белгіленген нормативтік талаптарға сәйкес келетін көліктер мен көлік құралдары болған кезде де болады. Мұндай ипподромдар жеке кәсіпкерлерге тиесілі, бірақ олардың қызметтері мемлекеттік органдар тарапынан үнемі қабылданбай келеді.

Енді автокөліктің электр тізбегінде тәжірибелік тестілеуден өту үшін азаматтар облыс орталығына жүздеген шақырым жол жүруге мәжбүр.

Сонымен бірге емтихандарды тапсыру және жүргізуші куәліктерін



беру Ережелері (ҚР ПИМ-нің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығы) автоматтандырылмаған ипподромдарда және оқуға арналған арнайы құрылғылармен жабдықталмаған көлік құралдарында практикалық емтихан тапсыруға мүмкіндік береді.

Бірақ, Ішкі істер министрлігі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қатысты қабылданған нормативтік актіні орындағысы келмейді. Айта кету керек, облыстардағы Халыққа арнайы қызмет көрсету орталықтарында адамдар мен кезектердің пайдалануымен сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасалуда.

Сонымен бірге, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, жекеменшік ипподромдары бар аудандарда ипподромдары бар 12 Халыққа арнайы қызмет көрсету орталықтарын салуды жоспарлауда. Яғни, мемлекеттік органдар қайтадан жеке бизнестің жосықсыз бәсекелесі ретінде әрекет етіп, оны нарықтан аластатады.

Осы уақытта, дәл сол Ресейде, олар қозғалыс жағдайында көлік құралын жүргізуге емтихан тапсыру

тәжірибесіне оралуға ниетті, бұл нақты алгоритмде жүргізу дағдыларын қолдану тұрғысынан әлдеқайда тиімді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, «Ақ жол» фракциясы осы сұрайды:

1. Жол қозғалысы ережелерін білуге теориялық емтихан тапсыру үшін Халыққа қызмет көрсету орталықтарының аудандық бөлімшелерінде орындар ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдау;

2. Белгіленген нормативтік талаптарға сәйкес келетін ипподромдары бар жерлерде жүргізудің практикалық сынақтан өтуін қамтамасыз етіңіз;

3. Жол қозғалысы жағдайында жүргізудің практикалық тестін енгізуді қарастыру

4. Автоматтандырылған ипподромдар құрылған жағдайда, осы аймақтағы жеке ипподромдарға МЖӘ жағдайында қажетті қондырғылармен өз объектілерін қайта пайдалануға мүмкіндік беруді сұрайды.

«Ақ жол» партиясының парламенттік фракциясы сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру және сайлаушылардың мүдделерін қорғау жұмыстарын жалғастыруда.

АПАТҚА ҚАЙТЫС БОЛҒАҒАНДАР ЖАУАП БЕРМЕЙДІ

«Ақ жол» партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев Мәжілістің жалпы отырысында «Bek Air» әуе компаниясына тиесілі ұшақ апатына қатысты Премьер-министр мен Бас прокурордың атына депутаттық сауал жолдады.

«Ұшақ сыртындағы мұзды ерітуге арналған сұйықты үнемдеді деген желеумен тағы да қаза тапқан ұшқыштарды кінәлі етіп шығаратындай көрінеді. Олардың басын бәйгеге тігуі — екеуінің таңдауы емес. Бақилық болғандар өздерін қорғай алмайды. Бұлай істеулері дұрыс па?», — деді депутат А.Перуашев.

«Ақ жол» фракциясының депутаттары тасымалдаушы компания қаза тапқандардың отбасы мен зардап шеккендерге өтемақы төлемегендерін айтты. Сондай-ақ, «Bek Air» қайғылы оқиғадан кейін тоқтатылған әуе рейстеріне билет алған жолаушылардың ақшасын әлі күнге дейін қайтармаған.

«Занды өтемақы төленбеген, зардап шеккендерге қолдау шаралары көрсетілмеген. «Bek Air» өкілдері ауруханаға барып, жаракат алған жандардың жағдайын білуге де жарамады. Тіпті, қаза тапқандардың жерлеу рәсімінде де бой көрсетпеді. Әуе компаниясы қайғылы оқиғаға тікелей қатысты жоқтай, тек БАҚ арқылы көңіл айтты», — деді депутат.

Еске сала кетейік, өткен жылдың 27 желтоқсанында Алматы қаласының маңында «Алматы — Нұр-Сұлтан» бағытындағы «Bek Air» компаниясына тиесілі Fokker 100 ұшағы апатқа ұшырап, 12 адам қаза тауып, 67 адам түрлі жаракатпен ауруханаға түсті.



«АҚТӨБЕ» ӘУЕЖАЙЫН «АШЫҚ АСПАН» РЕЖИМІНЕ ҚОСУҒА НЕ КЕДЕРГІ?

Ақтөбе әуежайының «ашық аспан» режиміне енуі тұрғындар үшін әуе қатынасының қол жетімді болуына және туризмнің дамуына әкеледі — деді Мәжіліс депутаты Дания Еспаева өзінің депутаттық сауалында.

«2019 жылдың 8-қазанында елорданы дамыту жөніндегі кеңесте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның әуежайларында «ашық аспан» режимін енгізу қажеттілігі туралы мәлімдеді.

«Ашық аспан» режимі рейстер санына шектеулерді алып тастауды қамтамасыз етеді және шетелдік әуекомпанияларға «әуе еркіндігі» бесінші дәрежесін береді. Бұл шетелдік әуе компанияларының Қазақстан арқылы үшінші елдерге рейстерін көбейтіп, ішкі әуежайлар арқылы жолаушылар транзитін арттырады» — делінген хабарламада.

Сонымен, «ашық аспан» режимі Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Ақтау, Қарағанды, Өскемен, Павлодар, Көкшетау, Тараз, Петропавл және Семей еліміздің 11 әуежайында енгізілген.

Оның айтуынша, Ақтөбе әуежайын «ашық аспан» режиміне енгізу қажеттілігі туралы мәселені сайлаушылар депутаттардың аймақтарға сапарлары кезінде айтқан.

«Халықаралық Ақтөбе Әуежайы» Қазақстанның батыстағы әуе қақпасы екенін, оның қарқынды дамуы ауқымды



жобаларды жүзеге асырумен байланысты екенін ескере отырып, «Ақ жол» фракциясы оны «ашық аспан» режиміне қосу мүмкіндігін қарастыруды сұрайды.

Әуежай тиімді географиялық жағдайға ие, ол Батыс Еуропаны Орталық және Оңтүстік-Шығыс Азиямен байланыстыратын ірі халықаралық аэронавигациялық маршруттардың қиылысында орналасқан. Оның техникалық жабдықталуы және

ұшу-қону жолағы барлық ұшақтарды алуға мүмкіндік береді», — деді Еспаева.

Еске салсақ, Президент Қ.Тоқаев Жолдауында Қазақстанның негізгі әуе тасымалдаушысы (Эйр Астана) билеттерінің Еуропадағыдан гөрі 30% қымбат екендігін наразылығын білдіріп, үкіметке бәла ретістер үшін аспан ашуды тапсырған болатын.

«Әуе билеттерінің негізсіз жоғары бағалары бір авиакомпанияның

монополиялық жағдайына тікелей байланысты екендігімен келісеміз. «Ашық аспан» режимі шетелдік авиатасымалдаушыларға халықаралық, жолаушылар мен жүктерді Қазақстанға, сонымен қатар ел ішіндегі қалаларға қону арқылы тасымалдауға мүмкіндік береді», — деді Еспаева.

Қазақстандық авиакомпаниялардың әуе билеттерінің құны бұрыннан халық арасында сынға ұшырап келді. «Ашық аспан» мәртебесі бар қосымша әуежайдың енгізілуі билеттердің құнын төмендетіп, тұрғындар үшін әуе қатынасының қол жетімділігін төмендетеді және туристік бизнестің өсуіне ықпал етеді.

Дания Еспаева Мемлекет басшысының Үкіметтің соңғы кеңейтілген отырысында айтқан тағы бір цитатасына тоқталды: «Мен негізгі тасымалдаушылар үшін аспан ашу мәселесін көтергім келеді. Бұл маңызды тақырып бәле оны ескергеніңізді түрде жүргізу керек. Мен бұл мәселеге үлкен мән бермін, өйткені, біз мемлекетіміздің инвестициялық тартымдылығы туралы және тұтастай алғанда Қазақстанның сыртқы әлемге ашықтығы туралы айтып отырмыз».

Осыған байланысты, «Ақ жол» фракциясы үкіметтен «Ақтөбе халықаралық әуежайы» АҚ-ны ашық аспанмен әуежайлар тізіміне қосу мүмкіндігін қарастыруды сұрайды.

«Ақ жол» партиясының
баспасөз қызметі

«...Таяқ жегеніме, қорлық көргеніме күйгенім жоқ. Күйгенім – біздің «сорлы ағаларымыздың» сорлы қылығы. Мұны айту керек. Кейінгілер сорлы бола бермеуі үшін» депті ақын ақын Мейірхан Ақдәулет «Желтоқсан» оқиғасына арналған мақаласында. Мен де күйіп отырмын. Күйдіретін – тағы да сол «алдымыздағы ар-балар». Ешкімнің атын атап, түсін түстігім жоқ. Тіпті, М.Ақдәулетше тырнақшаның ішіне алып та сипаттама бере алмаймын, өйткені, олардың «желтоқсан» тәріздес сын сағатындағы іс-әрекетіне куә болған жоқпын, әйтсе де, бейбіт заманда «емтихан тапсыра» алмай қалған адамның қиын кезеңде жарқ етіп көзге түсуі екіталай екені белгілі. Екіншіден, ең бастысы да осы, тілге тиек етілер мәселе бір өлкеге ғана емес, жалпақ қазаққа тән кемшілік – Америкада көп жыл жұмыс істеп келген биолог ғалымның сөзімен айтсақ, «біздің трагедиямыз – көп сөйлейтініміз, аз істейтініміз».

Адамдық сапамызға сойқан соққы болып тиген, салдары жетпіс жылғы кеңестік кезеңнен әлдеқайда ауыр соңғы отыз жылда бұл келесілген қоғамымызды түгел жайлап алғаны сондай, біз көзін ашық әділетсіздікті көріп тұрсақ та, араша болуға асықпаймыз. Себебі, бұрын «у ішсең – руынмен» дейтін, «торқалы тойда басыңа, отау құратын да – ағайын, топырақты қазада, таяқ ұстап қасыңда, тұратын да – ағайын, жала жабылса жаныңнан, табылатын да – ағайын, құтқаруға бауыр деп, шабылатын да – ағайын!» дейтін, аштықты да, тоқтықты да бірге көретін, бұра тартуға, әділетсіздікке жол бермесе тигізер зияны жоқ рушылдықты «бұл бір ерекше жаман нәрсе екен» деп, жанылысып, жақсы жағын лақтырып, жаман жағын қалдырудамыз. Жаман емей немене, елімізде бір рудың 26 бірдей өкілі бүгінгі таңда министр немесе одан жоғары биліктің тұтқасын ұстап тұр екен... Өте көне халықтар қатарына жататын қазақтың әрбір ірі тайпасы бұрын жеке хандық құрғанын, сондықтан бүгінге дейін руын билікті келген кісіге «елің не?» деп сұрайтын, мемлекетшілдік қасиет қанында бар халық екенімізді дұрыс түсінбей, жақсы жағын бәсекелестікке қабылетті болуда, жаһандануға қарсы күресте тиімді пайдаланудың орнына «рушылдық» деп шыға келеміз.

Рушылдықтың көкесі әрбір ірі компаниясы бір рудың рөлін атқаратын, бүкіл әлем жабылып, қуып жете алмай келе жатқан жапондықтарда! Кез келген статистикалық орташа жапоннан орташа қазақ көп жағынан бір саты («бір бас» емес!..) жоғары немесе оқ бойы озақ тұр. Ал, он жапон мен он қазаққа, немесе «жүздікке», «мындыққа», «түменге» келгенде бәрі керісінше! Неге? Жапондар өз еркімен өздерінің сол ортасынан бір серкені тандап алады да, соның айналасына сүттей ұйып, асқан ынтымақ-бірлікпен жұмыс істейді, «жұмысымнан кемшілік, ақау табылса бәрінің атына кір келтірем, одан-дағы өлгенім артық» деп біледі. Америкалықтардың «бұлар ел ме өзі, жоқ корпорация ма?!» деп, түсіне алмай дал болатыны



АҒАЛАРЫМ МЕНІҢ...

*«Мұнан менің қай жерім аяулы деп,
Бірге тұрып қалады кім майданда?»*

Абай

содан. Біз рушылдықтан құйрық үзісіп кетпедік, заңның үстемдігіне толық жетпедік, екі ортада шөре-шөре деп, дүбәра күйде өмір сүріп жатқан жайымыз бар..

Рушылдықтың жақсы жағына бір емес екі мысал келтіруге болады. Алғашқысы – өткен шақтан. Түркістан ауданының жерінде, Мұрын-Қарактауы деп аталатын биік төбенің басында қазақтың әйгілі батыры, есімі Қоңырат тайпасының жауға шапқанда шақыратын ұранына айналған Алатау батырдың сүйегі жатыр. Сол жерде Жанысбек ныспылы тағы бір елге сыйлы, белгілі молда, тәуіп болған адамның басына ұрпақтары кесене тұрғызып, оның ішіне 1932-33 жылдың аштығы жайлы «Алдымда – Ташкент шаһары, Артымда – аштық қаһары» деп басталатын дастан қалдырған атақты Ерғөбек ақынның өз аталарының ақтық сапарына арнаған мынадай екі шумақ өленін жаздырып қойыпты:

Алысқа кетті атағын,
Кеуденді жапты сақалын.
Күңіретіп құран оқыған,
Құлақтан кетпес мақамын.

Жалаулының түбінде,
Жалғыз қалды Жанысбек.
Көтеріп тауға жерледім,
«Құлшығашқа намыс!» деп.
Екінші мысал. Мен өткен

жерім кеміп қалған жоқ. Түркістан облысындағы қаншама ауданның депутаттары, суармалы жердің басым бөлігі орналасқан күнгейдегі бір емес үш облыстық мәслихаттегі 53 депутаты, Парламенттің 10 депутаты қол қойған, Қ-Ж.Тоқаевтың атына жазылған Ашық хат Президент әкімшілігіне тапсырылды. «Ісі оңына бассын, Исекеннің!» деп талай азамат шын жанашырлық танытты, аталарына рахмет!

Одан Ф.Копполаның «Крестный отец» деген кинофильмі еске оралды. Мафиози Корлеоне кімге көмек көрсетсе де, жұрттың еңбегі үшін берген сыйлығынан бас тартып, «керек емес, күндердің күнінде жәрдем сұрай қалсам, сонда қол ұшын берсеңіздер болды» демейтін бе еді? «Ислам Әбішев мафиози емес қой, ол өз

секілді зейнетке шыққандары, Исламның ағайындарын қоспай, бес-алтауыңыз болса да, орден-медальдарыңызды омырауға тағып, Нұрәлиевтің Көк Ордасының, ия болмаса Қасекеңнің Ақ Ордасының алдына барып, «осындай бір ғана мәселемен келдік – Ислам Әбішевтей елге еңбегі өте көп сіңген азамат жазықсыз күйіп бара жатыр, жазықсыз екеніне соңына қатысып, көзіміз жеткен соң келіп отырмыз, Сізге айтар бір ғана өтінішіміз бар – И.Әбішевтің адвокаттары Жоғарғы Сот төрағасы Ж.Асановтан сұранғанындай (бірақ, оларды қабылдайтын тірі жан табылмай қалған сол күні) – судьяны ауыстыруды, істі әділ қарау үшін қайта тергеуге жіберуді сұраймыз. Болды! Басқа өтінішіміз жоқ!» деп, қабылдауын өтініп барыңыздар» дедім. Ертең ең болмаса «бардык, кіре алмадык, қабылдамады, қайтеміз, қолымыз қалғаны осы болды» дей аласыздар...». «Ойланатын нәрсе екен, ақылдасайын» деді. Сол сөзді ертесіне шымкенттік бір ағайға айттым. «Осылай да осылай, сіз ағайындарыңызды ұйымдастырып көріңіз». «Ойбай, кім барады, ешкім бармайды!» «Айтып көрсеңізші, ертең үкім шығып кеткен соң, жұмыс жүз есе қиындап кетеді, енді күтетін уақыт қалған жоқ» дедім. Жұма, 20.12.19. күні кешке, соттан шыққан соң, Исламның бауырына айттым. «Алматыдағы баяғы Алтай мен Бурабайға, Меркі мен Сарыағашқа барып демалғанды жақсы көретіндерге айт, Тоқаевқа, дәл осы бір сөзді айтуға, кіреміз десін» дедім.

Нәтиже не болды? Шымкенттік ақсақал: «Үлкендеріміз «кейін, үкім шыққаннан кейін қимылдау керек, әзір тыныш отырыңдар» деп, біздің бетімізді қайтарды» деді. Аға-дос қонырау шалды: «Өмеке, сенің ол ойыңды бұл жақта дұрыс түсініп жатқан адам жоқ, біз екеуміз ағайынның арасына жік салған болып шығайын деп жұмысмыз, кесірлерін тигізбей тыныш жүрсін» депті үлкендер, мен де үндемейін, сен де үндеме,» деді.

Жарайды, үндемесек үндемейік, бауыр солардікі ғой... Әйтпесе, біреу Исламға «неге селің турмеден шығармай қоямыз» дер ме еді? Ағалардың бар айтатын уәждері «ойбай, ешқашан бұндай нәрсені ешкім істемеген!» болыпты. Дұрыс! Болмаса бірінші рет болар еді, баршылар соны көрер еді, «е, бұлардың артында қолан ел тұр екен ғой» деп ойланып еді, ойланған соң басқа шешім қабылдар еді. Қисынды талабымызды айтпасақ, дұрыс екенін дәлелдеуге тырыспасақ, билік біздің ішімізде не барын қайдан біледі?..

Жақсылық, игілік өзінен өзі келмейді, оны істейтін адам уақытын, ақшасын, денсаулығын, абыройын, әйтеуір бір нәрсесін құрбан етуі тиіс. Қырғызстанның Ақсақалдар кеңесінің (біздегі Ардагерлері кеңесінің аналогы) төрағасы Шаныбеков Дәулет деген азамат бар. Шымкентке бірнеше рет келді, қайтып жүрді. Қырғызстанның Ел Батыры! (Біздің Халық Қаһарманымыз секілді). Сол кісі 2010 жылы «Бакиевке қарсы көтерілгенде бронжилетімізді шешіп, жастарға бердік, өлсек біз өлейік, сендер аман қалыңдар» деді» дейді. Міне, ел болатын елдің ағалары! Біздің ағаларымыз Астанаға келуге жоқ...



ҰСТАЗ БЕДЕЛІ – ҚОҒАМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауының «Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі» бөлімінде білім беру сапасын жақсартуға айрықша мән береді. Сондай-ақ, кейінде «Педагог мәртебесі туралы» жаңа Заңның қабылдануы сала жұмысына айрықша тыныс қоса бастағанын да атап көрсету орынды.

Оқырман назарына Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Гаухар Алдамбергенованың осы бағыттағы ілкімді істер туралы мақаласы ұсынылып отыр.



Гаухар АЛДАМБЕРГЕНОВА,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор

ПЕДАГОГ ТӘРБИЕЛІ ӘРІ БІЛІМДІ БОЛУЫ ТИІС

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетіне келген сапарында «Бір қызды тәрбиелеу – бір ұлтты тәрбиелеумен бірдей» деп, оқу орны ұжымының алдына нақты міндеттер қойған еді. Бұл орайда, біздің білім шаңырағы өз қызметінде білікті де білімді педагогтерді даярлауда ең жазаналық әдіс-тәсілдерді, қазақстандық патриотизмді және Елбасының «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясын басты бағдар ретінде ұстанып келеді.

Еліміз тәуелсіздік алып, өркениетті мемлекеттер санатына қосылу жағдайында адамгершілік-этикалық идеялар көрініс алған қазақ халқының рухани-мәдениетін зерттеу, тәрбиелеу озық дәстүрлерін бүгінгі қоғам талабын ескере отырып зерделеу көкейкесті мәселенің бірі болып отыр. Бұл турасында Елбасы: «Арды бағалайтын, белсенді, жоғары моральды, әдепті және рухани байлығы мол адамдардан тұруы керек. Қазақстанның бірегей халықтарының ұлтаралық және мәдениетаралық ынтымағы мен жетілуін қамтамасыз ете отырып, қазақ халқының көп ғасырлық дәстүрлерін, тілі мен мәдениетін сақтаймыз және дамыта түсеміз» деп атап өткен болатын.

Кейінгі жылдары қоғамда орын алып отырған келендік жайттар мен оқығандар, бүгінгі тәрбие саласындағы инновациялық көзқарасты педагогикада жүйелі түрде пайдалануға байланысты тиімді идеяның болмауы да адамгершілік тәрбиені, соның ішінде моральдық-этикалық тәрбиені дағдарысқа әкелуде. Бұл мәселенің шешімін, ғасырлар бойы өзінің көкейкестілігін жоғалтпаған, керісінше, әрбір қоғамдық формацияда болған өзгерістерге байланысты жетіліп отырған

қазақ халқының озық моральдық-этикалық дәстүрлерінен іздестіру қажет. Себебі, қазақ халқының озық этикалық дәстүрлерінің негізі болып қаланған гуманистік идеялар, адамгершіліктің басты құндылықтарымен байланысты және адамзат моралінің негіздерін мағыналы түрде жан-жақты меңгеруде, адамдар арасында таза адами қарым-қатынасты тәрбиелеуде жетекші құралдардың бірі. Моральдық-этикалық дәстүрлерді халық даналығының негізгі бір көрінісі ретінде қабылдау бүгінгі білім беру жүйесі үшін аса маңызды. Бұның әсіресе үшін аша мұғалімдер үшін пайдасы зор. Олай дейтініміз,

кәсіби құзыреттілігін шыңдауды қажет етеді. Әлемдегі беделді университеттердің тәжірибелеріне сүйенер болсақ, біз ұстаз дайындаумен шектелме, қоғамға қажетті маман даярлауымыз керек. Бұл біз дайындап отырған мамандардың жұмыс берушілер талабына ғана емес, қоғам талаптарын қанағаттандыру болып табылады. Бүгінгі өзгерістер – әлем тарихында болмаған жаңашылдықтар дәуірі. Бұл тұрғыда ұстаздар ұстаханасы атанған Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде уақыт көшіне ілесу мақсатында жұмыстар жүйелі жүргізілуде. Түрлі тағылымға толы іс-шаралар арқылы қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін дәріптеп, қаракөз қыздарды құндылықтар мен ізгі қасиеттерге баулып, ар тазалығын жоғары ұстайтын тұлға, қоғам қажеттілігін қанағаттандыратын ұстаз маман дайындауды мақсат етіп келеміз. Білім мен ғылымның қарашаңырағы – Қыздар университеті өз қызметінде тәрбие саласын, қазақстандық пат-

алады. Қазақ этикасының ежелгі бастау қайнар көздері үш мың жылдай Еуразияның Ұлы Даласында өркендеген сак, ғұн, үйсін, қаңлы мен түрік бірлестігінің мол мәдениетінен нәр алған. Осыдан 2600 жыл бұрын-ақ өмір сүрген сак ойшылы Анахарсис әдеп және адамгершілік туралы терең пікір қалдырған.

Қазақ халқы қай кезеңде болсын қыз тәрбиесіне жете мән берген. Ол – мәдениеттілікті идеалға бағдарлау арқылы яғни, халыққа сыйлы адамдардың өнегелі ісін, рухани адамгершілік мәдениетін, беделі мен мінез-құлқын, білімі мен қабілетіне, қарым-қатынас мәдениетін үлгі ету арқылы қалыптастырған. Идеалды күнделікті өмірге қажетті басты бағдардың бірі деп есептеген. Мысалы, «Қозы Көрпеш, Баян сұлу», «Айман-Шолпан», «Қыз Жібек» жырлары арқылы халық қазақ қыздарының рухани адамгершілікті бейнесін, моральдық келбетін, мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, киім-кешімін, өзара қарым-қатынасын өнеге етсе, Домалақ ана туралы

баланың, ана мен қыздың, әке мен қыздың, келін мен қайын ененің, келін мен атаның, нағашы мен жиеннің, күйеу мен қайын ененің, бажалардың, жездердің, бөлелердің арасындағы өте бір нәзік жарасымды қарым-қатынас моральдық мәдениеттің негізін қалауда үлкен рөл атқарған десе артық болмайды. Мысалы, жас келіннің Тотым, Айнам, Сері кілігін, Еркежан сияқты ат қоюның өзі алдыңғыларға құрмет, кейінгілерге ізет көрсету болса, Өзенбай, Қамысбай, Қойшыбай, Бәкібай, Қасқырбай есімді қайын ағалардың есімдерін атаудан қашқақтап, қасқыр жарып кеткен қойды бауыздап алу үшін қасындағы кішкентай қайынысын ауылға жұмсаған жеңгенің: «Сарқыраманың ар жағында, сылдыраманың бер жағында, маңыраманы ұлыма жарып кетті, қынамадан жаныманы әкелсің», – деуінен, біріншіден әдептіліктің, ізеттілік пен сыйластықтың белгісін көрсек, екіншіден, ойының үшкерлығын, тапқырлығын, сөзге зеректігін байқаймыз. Қыз баланы «болашақ



оқушылардың моральдық-этикалық мәдениетінің дұрыс қалыптасуы мұғалімнің тұлғалық адамгершілікті моральдық-этикалық қасиеттеріне, осы бағытта меңгерген тарихи-теориялық, практикалық, білім, іскерлік, дағды деңгейіне байланысты айқындалады. Нәтижесінде бұның барлығы қазақ халқының моральдық-этикалық тәрбиесіндегі озық дәстүрлерін зерделеуге бағыттайды.

Маман даярлау заман ағымына қарай жан-жақты

риотизмді, Мемлекет басшысының Мәңгілік ел идеясын кеңінен насихаттауды басты назарда ұстайды. Ұлтымыздың ұлылығын ұлықтайтын ұғымдардың бірі – этика. Өйткені әр елдің орналасу аймағына, тіршілік салтына, өмір сүру дағдыларына байланысты ортақ мінез-құлық ережелері, жүріс-тұрысы, тыныс-тіршілігі қалыптасады. Қазақ этикасы көп-көсір молдығымен, адамгершілік қуат тегеурінімен, тарихи айқындылығымен халықтың рухани өмірінде ерекше орын



анаңда қазақ әйелдеріне тән даналықты, ұстамдылықты, сезімталдықты, тапқырлықты үлгі тұтуға шақырған.

Дана халқымыз қыз тәрбиесінде күнделікті тұрмыс-тіршілігіндегі және қоғамдағы адамгершілікті моральдық-этикалық мәдени қарым-қатынасқа аса мән берген. Отбасы, туыстар арасындағы қарым-қатынастың адам санасына, мінез-құлқына, ішкі және сыртқы мәдениетінің қалыптасуына әсерінің мол екенін жете түсінген. Мәселен, әке мен

ана», «қонақ», «жат жұрттық» деп түсінген ұлтымыз бойжеткенге дауыс көтермеген, аялап өсірген. Қарым-қатынас барысында өзі ренжіткен адамнан кешірім сұрай білуге, өзін ренжіткен адамға кешірімді болуға өзіне жақсылық жасаған адамға алғыс айтып ризашылық сезімін білдіруге үйреткен. Мұны адамның ішкі мәдениетінің жоғары көрсеткіші деп түсіндірген.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті – еліміздегі бірден-бір тек қыздар оқитын жоғары оқу орны. Орта Азия аймағында мұндай оқу орны жоқ. Әлемде де саусақпен санарлықтай. Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов: «Тәңір жазса, бұл институт болашақ қазақ қыздарының шамшырағына айналады. Осы шамшырақтың жарық сәулесі сөнбесін дейік» деген пайымы 75 жылға жуық тарихы бар университеттің өзіндік ерекшелігі мен маңызын айғақтап тұрғандай. Қазіргі күнде мұнда студенттердің сәпалы білім алып, ғылыммен, өнермен, спортпен айналысуы үшін, олардың бойында халқымыздың ұлттық құндылықтарын дарыту орайында бірқатар жұмыстар жасалып, университет отандық жоғары оқу орындары арасында үлкен беделге ие болып отырғаны көңілге қуаныш ұялатады. Қыздар университетінің өзге жоғары оқу орындарынан басты ерекшелігі ретінде білім беруде халқымыздың ұлттық



БЕДЕЛІ

құндылықтарын басшылыққа ала білуінде деп айтар едім. Қазақтың «Ұлттың тәрбиелімін десең — қызыңды тәрбиеле» деген сөзінің астарында үлкен мән-мағына жатыр. Қыз — болашақ ана, қыз — отбасының ұйытқысы, қыз — асыл жар. Бүгінде ұрпақ тәрбиешісі ретінде әспеттелер болашақ мұғалімдерді ата-анасынан алған тәрбиесін оқу ордасындағы тәрбиесін шебер сабақтастыра білу кез келген білім ордасынан кездестіре бермейсіз. Ұжым өз қызметінде ғұлама ғалым әл-Фарабидің: «Тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы» деген дана сөзін басты ұстаным ретінде пайдаланады.

Университетте «Қазақ аруы» атты курс оқу үдерісіне енгізілген. Ұлт болашағын тәрбиелеуге сүбелі үлес қосатын болашақ мұғалімдердің сан қырлы болуына, олардың қоғамдағы әлеуметтік және отбасындағы этноәлеуметтік рөлдерді мұлтықсыз атқаруына себепкер болуына «Қазақ аруы» курсының тигізгі зор деп ойлаймыз. Бүгінгі күннің талабына сай тұлғаны қалыптастырудың

фехтологтар, музыкалық білім беру мұғалімдері Алматы қаласындағы Аналар үйлерінде жүйелі түрде ақысыз негізде қызмет көрсетеді. Сондай-ақ оқу орны студенттерінің бастамасымен қайырымдылық жәрмеңкелері тұрақты түрде ұйымдастырылады. Іс-шараның басты мақсаты — университет ұжымы мен студенттерінің санасына мейірімділік, сүйіспеншілік, қайырымдылық сияқты ұғымдарды қалыптастыру. Сонымен қатар әлеуметтік жағдайы төмен жеткіншектерге көмек көрсету, оларды рухани тұрғыда қолдап-қуаттау. Дана халқымызда «қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзің көресің» деген ұлағатты сөз бар. Қайырымдылық — ұлтымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. «Жанашырлыққа жан риза» дегендей Қыздар университетінің студенттерінің көмекке мұқтаж жарымжан азаматтарға қамқорлық көрсетіп, жүрек жылуын ұсынуы һәм сауабы мол іске игілікті іс деп білеміз. Әлеуметтік әділдік, теңдік және сыйластық пен қамқорлық туралы ниетті тек қана мемлекет емес,



министрлігі ауқымды жұмыстар жүргізіп, нақты істер атқарды.

Еліміздің бас педагогы Асхат Аймағамбетов мұғалім мәртебесін арттыру оның қызметіне қойылатын талаптарды күшейтуді қажет ететіндігін ерекше атап өтті. Жаңа ұстаздардың этика мәселелеріне де жете көңіл бөледі.

байкалып отыр. Бұнымен қоса, білім беруді, ғылым мен мәдениетті қалыптастыруға ықпал ететін мұғалімнің кәсіпқойлығы мен біліктілігіне қойылатын талаптар да артуда.

Кадрларды қалыптастырудың тағы бір мәселесі — еңбекақының төмендігі, педагог кадрлардың

екториясын анықтауды және білім беру бағдарламаларына өзгерістер енгізуді жүзеге асырады.

Сонымен қатар білім беру бағдарламаларына өзгерістер енгізу жұмыс берушілермен білім беру бағдарламаларын талқылау және сақарптау арқылы білім беру бағдарламаларын әзірлеу арқылы жүзеге асырылады.

Университеттің басты мақсатарының бірі — түлектерді жұмысқа орналастыру. Біз әлеуетті жұмыс берушілердің базасын қалыптастырдық және жыл сайын бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізіліп келеді.

Біздің университет студенттерінің 90 пайызға жуығы әр түрлі өңірлердің тұрғындары болғандықтан, «Дипломмен — ауылға» мемлекеттік бағдарламасы біздің түлектеріміз үшін өзекті әрі үлкен сұранысқа ие. Бұл бағдарламаға білім беру, мәдениет және спорт, әлеуметтік қамтамасыз ету сияқты сұранысқа ие білім беру бағдарламаларының түлектері қағысалады. Жыл сайын аталған бағдарлама шеңберінде Қыздар университетінің жүздеген түлектері еліміздің ауылдық аймағына барып мемлекеттің жарқын болашағы үшін қызмет атқаруға жолдама алуда.

Сөз соңында қоғамның талқылауынан өтіп, педагог қауымының ұсыныстары негізінде мұқият даярланған жаңа Заң мұғалім мәртебесін шынайы көтереді деп сенеміз. Себебі, ұстаздың беделі — қоғамның беделі, мемлекет болашағының нақты кепілі.

Жаңа мыңжылдықта білімі мен білігі үйлескен мамандардың бәсі басым болмақ. Бұны уақыттың өзі айқындап отыр. Отандық жоғары оқу орындарының алдында ой-өрісі дамыған, талантты, зерделі және ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу міндеті тұр. Осынау абыемды жауапкершілікті абыроймен атқару педагогтарға жүктелген мәртебелі міндет. Дамудың даңғыл жолына бағыт алған болашағы баянды елдің өрісі қашан да білікті де саналы ұрпағымен кенеймек. Өскелен ұрпақты еліміздің тұтқасы, қатарының көшбасшысы етіп тәрбиелеу — ғасырға жуық үздіксіз кадр даярлап келе жатқан Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің басты бағдары.



өлшемдері басқаша. Құндылықтар да өзгеріп барады. Ақыл да анадан дариды, дана да әйелден туады. Қыз бала тәрбиесін ұрпақ тәрбиесі деп қараған ләзім. Бүгінгі қазақ бойжеткендері — ертеңгі еріне адал жар, перзенттерінің саликалы анасы. Олардың бойында тағылымды тәрбие болғанын қалайтынымыз белгілі. Ұлт болашағын тәрбиелеуге сүбелі үлес қосатын болашақ мұғалімдердің сан қырлы болуына, олардың қоғамдағы әлеуметтік және отбасындағы этноәлеуметтік рөлдерді мұлтықсыз атқаруына себепкер болуына «Қазақ аруы» курсының тигізгі зор деп ойлаймын. Ордалы оқу орнының студенттері болашақ ұстаз, отбасының ұйытқысы. Сондықтан рухани құндылықтарымызды сақтай отырып, өнеркәсіптік революция заманның ерекшелігін игерген ұстаз тәрбиелеу — университетіміздің басты бағдары. Қазіргі күнде оқу орнында болашақ мамандарды тәрбиелеу мақсатында 38 ұйым қызмет атқарады. Қарақөз студенттеріміз университет қабырғасында білім нәрімен сусындап қана қоймай, рухани құндылықтарды сақтай отырып, қоғамдық қажеттіліктерін қанағаттандыру жұмыстарына белсене қатысып отырады. Қыздар университетінің студенттері адамгершілігі жоғары тұлға ретінде әртүрлі қоғамдық акциялар мен қайырымдылық акцияларына белсенді қатысып отырады. Болашақ әлеуметтік қызметкерлер, психологтар, де-

азаматтық ортаның өзінің көтеруі — қоғамымыздың кемелденгенін, жаңғырғанын көрсетеді.

ҰСТАЗ БЕДЕЛІ — ҚОҒАМ БЕДЕЛІ

Жуырда Парламент Сенатының жалпы отырысында «Педагог мәртебесі туралы» Заңды қабылдап, оған Президент қол қойды. Бұл — қазақстандық ұстаздар қауымының қоғамдағы беделін арттырып, орнын айшықтауға бағытталған зор қадам болды.

21 баптан тұратын жаңа Заң жарты миллионнан астам ұстаздың жұмысына қатысты. Онда төрт бағыт қамтылған. Біріншіден, педагогтардың құқықтарын кеңейту және өзіне тән емес жұмыстардан босату, олардың жүктемесін азайту. Екіншіден, мұғалімнің қызметіне қойылатын талаптарды күшейту. Үшіншіден, материалдық емес ынтыландыру тетіктері және төртіншіден, материалды ынтыландыру қадамдары.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстандықтардың әлауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында әлеуметтің әлеуетін арттыру мақсатындағы нақты іске асуы тиіс міндеттерді бағалап берген болатын. Елбасы жариялаған маңызды құжатта «Педагог мәртебесі туралы» Заң қабылдау қажеттігі де айтылды. Осы орайда Білім және ғылым



Оған сәйкес әр білім мекемесінде әдеп бойынша кеңестер институты енгізілмек. Менің ойымша, бұл бастама өз кезегінде білікті де білімді, «ұстаз» деген атқа лайықты нағыз мамандар мектебінің қалыптасуына негіз болады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы жылғы Тамыз конференциясында берген тапсырмасының аясында алдағы төрт жыл ішінде мұғалімдердің еңбектары екі есеге артады және қаңтар айынан бастап студенттер, магистранттар мен докторанттардың шәкіртакысы 25 пайызға көтеріледі.

Бұл Заң мұғалім беделін арттырумен қатар, педагог кадрларын даярлайтын оқу орындарының да маңызды айқындайды.

Еліміздегі ең іргелі жоғары оқу орны Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті негізінен ауылдық елді мекендердегі білім ошақтары үшін маман даярлайды. Өзінің 75 жылдық төл тарихында оқу орны 60 мыңнан астам педагог дайындады. Осы орайда атап өткен жөн, халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын айтарлықтай арттыру және жоғары кәсіби кадрларды тиімді молайтуға бағытталған елімізде жүргізіліп жатқан саясат педагог кадрларды қалыптастыру мәселелерін туындатады. Бұл мәселе қай кезеңде де өте өзекті болған. Мәселен, бүгінде халықтың демографиялық өсу жағдайына байланысты мектепке дейінгі және жалпы орта білім мекемелерінің тұрақты өсуі

зейнетке дейінгі жасы және бейінді білімінің болмауы.

Үшінші мәселе, білім берудің барлық деңгейлеріндегі оқыту бағдарламаларының бір-бірінен алшақтығы. Мысалы, жалпы орта білім беру мекемелері жаңартылған мазмұн бойынша білім беруге көшкенде, мектепке дейінгі білім беру бағдарламасы айтарлықтай өзгерістерге ұшыраған жоқ.

Қазақалық ұлттық қыздар педагогикалық университетінің басты қызметінің бірі — жоғарыда аталған мәселелерді оңтайлы шешу. Оқу орнында болашақ педагогтардың кәсіби бейімделуі үшін педагогикалық кадрларды даярлаудың білім беру бағдарламалары тәжірибеге бағытталған. Тәжірибеге бағытталуы — бірінші курстан төртінші курсқа дейін тәжірибеден өту арқылы жүзеге асырылады.

Қыздар университетінің тәжірибелік базаларының қатарында Алматы, Қызылорда, Жамбыл және басқа да облыстардағы 70-тен астам мектепке дейінгі жалпы орта және кәсіптік білім беру ұйымдары бар. Алматы қаласы білім беру мекемелері жанынан жоғары оқу орны мен білім беру мекемелерінің арасындағы тығыз ынтымақтастыққа ықпал ететін кафедра филиалдары құрылған. Аталған филиалдар мектеп пен мектепке дейінгі мекемелердің қажеттіліктеріне байланысты өзгерістерді саралай отырып, болашақ мамандарды даярлау тра-



Білік

Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Кеңес Жұмабеков туралы үзік сыр

ұжым директоры Зейнолла Жақыповты елестетті...

Қарағандыға оралғандарында режиссер Мұхтар Қамбаров, әсіресе, Кеңес інісінің табысына есі шығып:

– Жиырма жасында театр табалдырығын қобалжыңқырап, жасқана аттап, бір үміт, бір күдікпен келіп едің. Енді міне, адал еңбек, маңдай тердің арқасында заңғар шыңға көтерілдің. Жанғау ебегіңнің заңғар көгі бұл... Шырық биігің! Қарағанды сен үшін ғарыш айлағына айналды, – деп мақтанды.

Әрине, талай адамды өнер мен әдебиет, білім мен ғылым биігіне самғатқан Қарағандыны тура мағынасында космодром деуге келе қоймас. Дегенмен, қарап отырсаң, Сарыарқа даласының өлемге әйгілі қаншама ғарышкердің қону алаңы болғаны рас қой. Мысалы, Андриан Николаев, Павел Попович, Валентина Терешкова, Валерий Быковский, Владимир Комаров, Константин Феоктистов... Борис Егоров, Алексей Елисеев, Владимир Шаталов, Евгений Хрунов, Борис Волюнов... Георгий Щонин, Валерий Кубасов, Анатолий Филиппченко, Владислав Волков... Виктор Горбатко сынды ғарышкерлер әр жылдарда бірінен кейін бірі осы қала төңірегіне қонып жатыпты. Түсінде күндей күркіреген айлық дүбір де, мұздай құрсаңға тұғырлық алқаран аспан кеңістігін теңемес, төрт-бес бұзау жайылған алақандай ғана көкөрай шалғынды көріп, Жер-Анаға жеткенше дегбірі қалмайтын ұшқыштарды құшақ жая қарсы алған Қарағанды бұлардың әрқайсының жүрек түкпірінде мәңгі сақталғаны анық. Осыларды түпсіз аспан әлеміне шырақтай, одан алақан тосып қайта күтіп алып жататын Қазақ елі, шынында, неткен қастерлі еді!..

Осындай жағдайға сай қала мей-

манханаларының бірі ғарышкерлерге арналған Бүкілодақтық Денсаулық сақтау бөліміне айналдырылыпты. Серейген көк терегі мен жайқалған ақ қайыңы аралас ну тоғай арасына орналасқан кешен құрамында кішірек емхана мен шағын спортзал бар. О заманда үйлердің бәрі екі қабатты ғана. Қонған ғарышкерлерді тікұшақпен алып келіп, ес жиғызып, күнделікті тірлікке қарыта бейімдерлік орталық мамандарының бәрі дерлік мәскеуліктер. Ұшқыштар мұнда бірер тәулік тексеруден өтіп, өз-өздеріне келген соң үйлеріне, бала-шағасының ортасына аттандырылады.

Кеңес осы ғарышкерлердің бірталайын жақыннан көрген. Ал қол беріп амандасы – бір ауыз лебина алмасқан адамы – әйгілі Валентина Терешкова екен. (Айтпақшы, аталған орталыққа осы кісінің ғарыштық шарты атына сәйкес кейін «Чайка» деген ат берілген)...

Валентина Николаевна 2007 жылы «Қарағанды – аңсарым» ән фестиваліне арнайы келді. Қасында атақты композитор Александра Пахмутова бастаған үш-төрт «нөкері» бар. «Чайка» кешені бұ кезде адам танымастай өзгерген; ғимараттар саны да өсіп, еңсесі биіктеп кеткен кез еді. Сонда дүниежүзіндегі тұңғыш ғарышкер әйелдің қазақ жерінен көтеріліп, осында қайта оралғаны туралы естелігін айта келіп:

– Мен сендерді керемет жақсы көремін, қарағандылық туғандарым! – деп шаттанған бейнесі ұмытылар ма...

Ал Қарағанды Тоқтар Әубәкіров үшін нағыз самғау айлағы болғаны рас...

Сынақшы-ұшқыш ретінде Совет Одағының ең жоғары атағын иеленген алғашқы қазақ ғарышкері он бес жасында Теміртаудағы ДОСААФ-тың парашютшілер үйірмесіне жазылып, осы қаладағы құю-механикалық зауы-

тына токарлық жұмысқа кіріпті. Одан темір жоншылық кәсіпті жалғастыра жүре, іргедегі Қарағандыдағы ұшқыштар секциясына ауысады.

Өзі: «Менің идеалым – даңқты ұшқыш, жерлес ағам Нұркен Әбдіров» дер еді. Сайыпқыран Нұркеннің де ұшқыштық ғұмырбаяны Қарағанды аэроклубы курсанттығынан басталғаны белгілі.

Бірде Тоқтар он жасында Нұркен ескерткішін көру үшін өздерінің «Восток» совхозынан жетпіс шақырым жердегі ұшқыш туып-өскен Бесінші ауылға жаяу келіпті. Жаз айы көрінеді, ұзақ жолдан қатты шаршаған бала сол күні түнделетіп қайта қайтудан жүрексінген де шығар, әлгі ауылда әлдебір ақсақалдың үйінде қонады.

– Ата, мен далаға жата салайын, күн жылы ғой, тоңа қоймаспын, – деген сияқты.

Содан қария:

– Өзің біл, балам. Әйтеуір, мұнда шағатын шыбын-шіркей жоқ, – деп үй іргесінде тұрған арба шанағының табанына қалың шөп төсеп, көрпе-жастық шығарып береді.

Бала түнде түс көреді. Түсіне Нұркен кіреді. Ұшқыш жарқыраған әлденені бұған:

– Мына жұлдыз саған аманат! – деп ұсынады. Бұл қос қолын бірдей созып, лапылдаған әлгі шоқты ұстаған сәтте Нұркен бейнесі де ғайып болған екен...

Драматург, режиссер ретінде де бірнеше пьеса даярлаған Кеңес кейін Нұркен жөнінде де, Тоқтар туралы да бірқатар қойылым жасап ұсынды. Бұларда да, көрерменге ой салатындай, өмірдің өзінен алынған шытырман тартысты Нұркен жетерлік.

Мысалы, Нұркен Әбдіров немістер «қара тажал» деп атаған «Ил-2» ұшағын 1941 жылы сынақтан өткізіп, Сталинградтан Куйбышевқа алып келген жеті нұсқаушы-ұшқыштың бірітін. Бұлардың қасында қарағандылық жас ұшқыш Алексей Осипенко да бар. Нұркен тәжірибесі аздау осы жерлесін үнемі назарда ұстап, білгенін үйретуден жалықпаған. Әлгі сапарда Осипенконың ұшағы жолда сәл ғана қателікке байланысты апатқа ұшырай жаздайды.

Кінәлі қарағандылық ұшқыш дегенді естіп қалған әлдебір шенді оны бірден қазақ есебіне жатқызса керек, оқиға орнына дереу жетіп келіп, іс мәнісін дендеп жатпай-ақ:

– Мен баяндайтын едім ғой, мұндай адамдарға қымбат техниканы сеніп тапсыруға бола ма?! Бұлар атқа мініп шапқаннан өзге дым білмейтін жабайы халық емес пе! – деп кіжінеді. Сонда Нұркен:

– Жолдас полковник, ұлттың жаманы болмайды ғой. Тек арасында сіз секілді кеудесіне нан піскен сыңарезу өкілдері кездесіп қалатын шығар! – деп тосылтқан екен.

Мұндай қорлауды маңайындағылардан Тоқтар да көріп баққан секілді. «Сондықтан ылғи намысқа тырысып, оқу-жаттығу сабақтарында үнемі алда болуға ұмтылыппын» – дейді өзі.

Тоқтар туралы бертінректе әріптесі, сынақшы-ұшқыш, Совет Одағының Батыры Валерий Меницкий «Менің аспандағы өмірім» деген кітабында: «Корабльге қонатын кез жеткен кезде оған бірінші болып Су-27К ұшағымен Виктор Пугачев, ал арада қырыс минут өткенде МиГ-29 машинасымен Тоқтар Әубәкіров қонды. Біз бұл ерлік үшін бөркімізді аспанға аттық. Тек ешкім өзге бір фактіні ескермейді – арада тура бір сағат өткенде Тоқтар авиатасығыш алаңнан қайта көтеріліп ұшып кетті. Ол – мұндай батыл әрекетті іске асырған алғашқы адам. Ал Су-27 қайта ұшу үшін корабльде үш тәулік бөгелді... Кейінірек Тоқтар Совет Одағының Батыры, еңбегі сіңген сынақшы-ұшқыш, ұшқыш-ғарышкер болды, авиация

генерал-майоры шенін алды. Демек, атақ-даңқы жеткілікті және ол мұның бәріне лайықты, бәріне де өз еңбегі арқылы жетті» – деп жазыпты.

Әйткенмен, сондай деңгейге өздері шыға алмаса да, етекпен тартып, үнемі мұрын шүйіретіндер қатары азаймаған екен. Тоқтар ғарышкерлер отряды құрамына кірген кезінде кей қызметтесі:

– Әй, космос сенің не теңің?! Бәрібір ұшырмайды ғой. Бекер далбасалап несіне әуре боласың? – деп күлген көрінеді.

Қызғаныштан шығар. Не дерсің...

Кеңестің Тоқтар өміріне қатысты даярлаған сценаларының бірінде болашақ ғарышкердің бүлдіршін шағында ауылдан ұзақ кетіп, анасы Кәмилаға еріп, тау арасына шыбық отауға баратын көрінісі бар. Сонда бала мен шеше арасында тартымды қимыл, қызықты диалог көрсетіледі. Міне, сол қойылым шығарылған мерекелік іс-шараға кейіпкердің өзі шақырылған-ды. Бірақ кеш үстінде Кеңес тұңғыш немересінің туғаны туралы хабарды естіген соң үйге қайтып кетуіне тура келгенді.

Концерт аяқталған бетте Тоқтар Оңғарбайұлы қатты риза болып, ұйымдастырушылардан:

– Қойылымның авторы кім? – деп сұрапты.

– Бұл – белгілі актер, сценарист, режиссер Кеңес Жұмабековтің туындысы еді.

– О-о! Кеңесті жақсы білемін ғой. О кісі қайда?

– Кеңекең жаңа ғана ұлы Мейрамның келіншегі босанғанын естіп, қатты қуанып, үйіне қайтып кетіп еді. Алғашқы немересі екен...

Бұл қуаныш бөлісуге келген бір-екі жолдасымен түнгі он екіге қарай үйде дуылдап отырса, қалта телефоны шырылдайды. Қараса, қоңыраулатып тұрған – Рымбала Омарбекова. Облыстық Мәдениет басқармасының бастығы:

– Кеңесжан, мас емессің бе? – дейді.

– Жоқ-қ, ойбай! Әзірше сапсаумын, – деп күлді.

– Онда қазір сенімен Тоқтар Оңғарбайұлы сөйлеседі.

Кеңес абдыраңқырап қалды. Қасындағылар да түн ішінде маза-лап тұрған кім болды екен дегендей, мұның аузына аңтарыла қарап отыр. Әсіресе, Майра көзі бақырайып, сұраулы жазба төніп алған телефон тұтқасын алақанымен көлегейлей беріп, оған сыбыр ете қалды:

– Тоқтар Әубәкіров...

Сол кезде зайыбы да күліп, қол сілтеген:

– Қойшы! Еріккен артистердің бірі ғой. Банкеттен кейін күтүрп шығар, пародия жасағысы келіп тұрған шығар. Ішкілері келсе шақырсайшы.

Сөйткенше ғарышкер де даусы саңқылдап сөйлей жөнелді:

– Алло, Кеңес, қал жақсы ма? Сценарийді керемет жазыпсың, қатты толқыдым. Тіпті, шешемді тірідей көргендей, көзіме жас келді. Балалық шағымды көз алдыма елестеттің, өте ризамын!..

Қасындағылар әңгімеге енді ғана сенгендей Кеңес сөйлесіп тұрған телефонға құлақ тіге қалыпты. Батыр сөзін жалғайды:

– Жаңа естідім, немерелі болып жатыр екенсің. Құттықтаймын. Егер қарыс болмасаң, немереңнің атын мен қояйын...

Кеңестің есі шығып кетті. Қолқалап шақыртып қолға түсіре алмайтын адамы өз ықыласымен перзентіне ат қойып бермекші.

– Ойбай-ау, әрине, әрине, Тоқа! Ешбір қарсылық жоқ... Қайта, өте қуаныштымыз... Тек, мына жолдасыма айтыңызшы, сіз екеніңізді білсін...

Тұтқаны Майраға ұстап қойды. Тоқтардың даусы естіліп тұр:

– Ә, иә, келін, немереңнің бауы

берік болсын!..

– Ой, аға, рахмет, рахмет!.. Сіз айтсаңыз болды ғой. Отағасына айтыңыз. Болады, болады, – деп енді әйелі апалады.

Телефонды асығыс қайта алғанында ғарышкердің:

– «Нұркен! Нұркен!» деген даусын естіген.

– Болды, Тоқа! Айтқаныңыз орындалады! Нұркен – ғажайып есім... Қуаныштымыз...

Кеңес артынан аздай ыңғайсызданды. Іштей: «Қап! Батыр мені жаңа дұрыс түсінікпей алмай қалды-ау! Мен ұсынған есімді қойғысы келмей ме немене, күйеуі біресе телефонды әйеліне береді, одан әйелі қайтадан күйеуіне сілтейді деп»...

Ұялы телефонның енді-енді ғана шығып жатқан кезі еді. Кішкене ғана «шайтанқұлақ» аппаратқа күдіктене қарап, жеңіл күрсінді.

Сөйтіп, немересінің аты Нұркен деп қойылған.

Жағдайды ұққан жолдастары да шулай жөнелісті:

– О-о! Ғажап болды ғой. Нұркеннің бауы берік болсын! Нұркен атасындай елдің сүйікті ұлы, даңқты батыр болсын! Тоқтар атасының беделін берсін!

Міне, енді сол Нұркен де он алты жасқа келді. Ең ғажайып, осы баласы техникалық ілімге бейім! – актер, драматург, сценарист, режиссер, әкесі Мейрам болса филология ғылымының кандидаты. Қарағанды университетінің журналистика факультетінде кафедра меңгерушісі. Тәржімашы. Абай өлеңдерін, Шәкәрім, Қасым Аманжол, Серік Ақсұңқарұлы шығармаларын орыс тіліне аударған. Жақын шет елдерде өтетін конкурстарға жиі қатысады. Москва, Калининград, Ереван байқауларының лауреаты. Пьеса, әңгіме жазады. Екі кітабы шығыпты. Оның «Алдаркөсе» туындысын қуыршақ театры қойды...

Ал Нұркен өкіл атасы, әйгілі сынақшы-ұшқыш, ғарышкер Тоқтар Әубәкіров тартқан ба деп ойлап қояды. Қарап отырсаң, өмірде ондай да болатын сияқты.

Мұғалімдері өзін химия пәнінен Алматыда өтетін кезекті оқушылар сайысына жібермекші. Пойызға билетін алып қойған. Бүрсігүні екі ғұрып салымын бірге сол сапарға шығарып салғаны отыр...

Көлігіне немересімен отырғызып алып, таң алагеуімде вокзалға зырлатып жетсе, перрон әжептәуір толып қалыпты. У-гу. Топырлаған студент жастардың сақ-сақ күлкісі ауаны жаңғырықтырады. Олардың бір тобы әдеттегіше гитараларын даңғырлатып әнге басып тұр:

– Алдымызда үлкен қала

Қарағанды, студенттер қаласы ғой Қарағанды. Онда жаңа күй,

қызды таңдап сүй, –

ешкім сенен ақы алмайды!..

Нұркеннің серіктерінің де шығарып салушылары бар екен. Солармен амандасып, балаларды тоқтаған вагондарына жайғастыруға кірді.

– Ал, құлыным, жол болсын! Олжалы оралыңдар! – деді Нұркеннің шашынан иіскеп.

Бір кезде дөңгелектері тарсылдаған состав та ұзап қалды.

Нұркен кеткен полярдың соңынан үздіге қарап, өз-өзінен көңілі толқыды. Талай қоштасу мен қауышуға куә болған Қарағандының қарт вокзалы да қолма-қол құлазып қалғандай.

Себедеп таң ата бастағанын аңдайды. Көк жүзі манаурап тұр. Желпіп самал есті. Қарағанды жүзі албырап, күліп оянған арудай елегізгіті.

Құлтөлеу МҰҚАЗ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Мемлекет көлемінде және халықаралық деңгейде ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру жоспарланып отыр. Бірақ мұның бәрі той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін өткізілмек» – деді.

Сол айтқандай, мұхиттай терең, асқан ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор Абай Құнанбайұлы еңбектерін зерттеу бағытында күні бүгінге түрлі деңгейде қайшылықты көзқарастар да жоқ емес. Оқырман назарына ұсынылған мақала сондай түйткілдердің түйінін тарқатуға арналады.

АБАЙ ӨЛЕҢІН НЕГЕ БҰРМАЛАЙМЫЗ?

Биыл Ұлы ақынымыз Абай Құнанбаевтың 175 жылдығы кең көлемде аталып өткелі жатыр, мемлекет болып тойлағалы жатырмыз.

Президентіміз бастап біздің кішкентай Ләйліміз қызымызға дейін қостап Абай өлеңдерінен эстафета өз жалғасын тауып, бірден-бірге жолданып жатыр. Бірақ сонда ақын өлеңдері бұрмаланып айтылып жүргенін құлағымызбен естіп, көзімізбен көріп отырып, қарның ашады. Мысалы, елге өз деңгейінде танылып үлгерген ақын жігіт Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңінің бесінші жолында: «Бұл мақұрым қалмағыма кім жазалы» дейді.

Кінәлінің жазаланатын, жазаланбайтын түрі болады. Қылмыс жасаған адам жазаланады. Ал дер кезінде ғылым-білімге бағыт-бағдар бермегені үшін, жол көрсетпегеніне кінәлі болар, бірақ жазаланбайды ғой. Бұл жерде Абай әкесіне өскен ортасына, яғни қоғамға өкпелі. Ендеше дұрысы – «Бұл мақұрым қалмағыма кім кінәлі» шығар. Тағы бір азамат:

– Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?
Өткір тіл бір әдемі қыз болмай ма? – деді.

Мұның барлығы нені білдіреді? Айтпағым: ақын өлеңдерінің баспа бетінде түзілуі, оның жұрттың жаттап, ел алдында оқуы әлі де дұрыс жолға қойылған жоқ.

Шыққан кітаптарда да бұрмаланып, өлеңнің мағынасын бұзған сөздер өріп жүр. Осы уақытқа дейін Абайдың өлеңдер жинағы неше мәрте жаңғыртылды, әр жылдары баспалардан жаңаланып жарық көрді, солардың мінсіз шыққаны кемде-кем. Қарап отырсаң, соларды шығаратын академиялық басылым, сауатты азаматтар. Ақылдастар алқасы құрамына қарасаң – атағынан ат үркетін азаматтар.

Олар сонда неліктен әлгіндей олқылыққа жол беріп отыр?

Жер бетіндегі қай халықты алсаң да, сол елдің атағын айдай әлемге танытатын біртуар, аса дарынды перзентінің болатыны баршамызға белгілі. Қазақ халқында ол кім десе, сөз жоқ, кез келген қазақтың санасына бірден оралатын тұлға – Абай (Ибраһим), орта жүздің аға сұлтаны Құнанбай қажының баласы. Бізге дейінгі өлең сөзді бағалай білетін адамның барлығы, кешегі өткен ұлтымыздың зиялылары ақынның қадіріне жеткен, шығармашылығын жоғары бағалаған. М.Жұмабаев Абай туралы:

– Шын ақын, сөзін асыл баға кетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмді кетпес.
Қарадан хакім болған сендей жанның,
Әлемнің құлағынан әні кетпес, – депті.

А.Байтұрсынов: «Онан асқан бұрын-сонды заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» дейді. Шәкәрім де: «Аса данышпан адам еді, қор елде туып, қор боп өлді» деп Абайды аса жоғары бағалаған. Ойшыл-философ, данышпан қалай мақтаса да сыяды. Басқа ақындардың өлеңдерінде ұйқас



үшін айтылған тұстары кезігіп жатады. Абайда мұндай жоқ, бір ауыз сөзінен мін таба алмайсың. Керемет!

Оқыған сайын ашыла береді. Жылдар өткен сайын ақынның өмір сүрген заманы қанша алыстаса да, Абайдың тұлғасы асқақтай береді.

Енді ақынның сөзін сөйлетейікші:
Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қыяннан қиыстырар ер данасы
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы
Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы
Ол ақынның білімсіз бейшарасы.

Міне, «Бөтен сөзбен былғама» деп отыр. Осындайда «Абайдан жалған сөз шықпайтынының себебі неде?» деген сұрақ еріксіз туындайды.

Әуелі аят, хадис сөздің басы,
Қосарлы бәйіт мысал келді арасы.
Қисынымен қызықты болмаса сөз,
Неге айтсын пайғамбар мен оны Алласы.

«Ақынның өлең сөзінің қисыны мен қызықты болуының негізі, бастауы, қайнар көзі дін исламда ма?» деген ой келеді адамға. Әуелі ескіше хат таныған, молдандан оқыған, қасиетті Құран кәрімнен сусындаған. Дана халқымыз «Не ексең, соны орасын» демей ме? Жасынан санасына сіңіргені, жүрегіне қондырғаны хақиқат сөз болса, мұндай өлең жазуы заңдылық емес пе? Таңды таңға ұрып айтсақ та, Абай-таусылмайтын кен, бітпейтін рухани қазына.

Жә, осындай теңдессіз тұлғаны өз деңгейінде насихаттап жүрміз бе? Менің айтпағым, жақында кітапханаға бардым. Қолыма көк кітап тиді. Астана қаласы, «Фолиант» баспасы, 2011 жыл Абай шығармалары 1-том бетін ашып едім,

кәте цифрға көзім түсті, қалай тұр, солай берейін.

«Қазақ халқының ұлы ақыны Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының 2 томдық толық шығармалар жинағының қолдарыңыздағы бірінші томына 1855 жылдан 1996 жылға дейін жазған өлеңдері мен аудармалары топтастырылды»...

Сонда Абай 141 жыл өлең жазған болып шықты. Енді өлеңдерін оқып отырып, өз басым келіспейтін сөздерге тоқтала кетуді жөн көрдім.

Атақты «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңінде:

Төмен ұшсам түлкі өрлеп құтылар деп,
Қандыкөз қайқан қағып шықса аспанға.

Бойдағы мінді санасам,
Тау тасынан аз емес.

Жүрегімді байқасам,
Инедейін таза емес.

Аршып алып тастауға,
Аспандағы саз емес.

Бәрі болды өзімнен,
Тәңірім салған наз емес, – деп беріліпті.

Дұрысы: Тәңірім салған нас емес, дәлірек айтқанда, лас емес болуы керек. Туғанда адам баласы күнәдан пәк, таза болады да, өсе келе қол екі істеген күнәсімен жүрегін кірлетеді, міне осыны айтып отыр.

Ал мына бір өлеңінде: «Токтаулылық, қалыпты, шыдамдылық» деп берілген екен.

Бұл өлеңінде ақын адам бойындағы қасиеттерді айтып отыр. Токтаулылық, талапты, шыдамдылық болу керек пе? Мұны да ойлану керек.

Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз қол емес.

Ынталы жүрек, шын көңіл,
Өзгесі хаққа жол емес...

Адам бір өзіне лайықсыз іске кез болғанда, мынау маған қол емес екен деп жататынын білеміз. Жол емес екен дегенді естімеппін.

Алла тағаланың хақ жолына ауызбен, құр тілмен жете алмайсың. Егер де жүрегің таза, ниетің дұрыс болмаса. Шарифатта: «Жүз күнәнің тоқсан тоғызы тілден» делінеді. Ал Абай былай деп тағы да айтады:

Ет – жүрексіз ернің айтпа сөзің,
Тіл үйренген нәпсінің қу мінезің.

Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма,
Шымылдық боп көрсетпес шынның жүзін...

Дұрысы:

Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз қол емес.

Ынталы жүрек, шын көңіл,
Өзгесі хаққа қол емес.

Тағы бір мысал:

Қолдан келе бере ме жұрт менгермек,
Адалдық, арамдықты кім теңгермек?

Дұрысы, теңгермек емес, тең көрмек болса керек. Адалдықпен, арамдықтың ара жігін ажыратуды екеуінің арасы жермен көктей екенін меңзеп отыр.

«Әжептәуір ән еді, пұшық айтып қор қылды» – дегендей, бір сөзінен бір сөзі асып түсіп маржандай тізіліп келе жатқан өлеңнен көзге шыққан сүйелдей күмәнді сөздер шыға келгенде, «Бір қарын майды бір құмалақ шіріткеннің» кері болды. Абай бөтен сөзбен былғамайды. Данышпан ақынның өлеңінен мін табылмау керек, бұған бей-жай қарауға болмайды. Кітап бір-ақ күнде шығып, бірнеше жылдар қолданыста болатынын ескерсек, болашақ ұрпақ Абайды кітап арқылы танытынын ойласақ, кемшілікке жол бермеген абзал.

Иә қандай да бір туынды, шығарма айтылған сөз уақыт өте келе түпнұсқадан ауытқып өзгеріске ұшырайтыны бесенеден белгілі. Абайдың өз қолымен жазған қолжазбалары сақталмағандықтан, өзгенің қолымен жеткендіктен зерттеу зерделеп, ақылмен саралап мұқият қауып керек. Жеткізуші – Абай емес. Ақын көзі тірісінде «Қалың елім қазағым қайран жұртым» – деп көңілі толмаған қазақ әлі сол бейқам қалпымыз. Қазақ руханиятына қосқан өлшеусіз үлесін, ұрпаққа өнеге болатын хикмет сөздерін Абайдың өлеңі деген атына лайықты сақтау – біздің парызымыз. Қазақ «көш жүре түзеледі» дейді. Әйтсе де, жалпы, ескіні қайта жаңартқанда, бұрынғысынан асып түсетіндей етіп кемшіліктерді түзеп, олқылықтардың орнын толтырып шығарсақ игі еді. Арада қаншама заман өтті, біздің көшіміз түзелмей-ақ тұрғандай.

Абай – қазақтың ақылы, ары.

Тоқсан ауыз сөздің, тобықтай түйіні – кеткен кемшіліктерді түзеп, олқылықтардың орнын толтырып, Абай кітаптарын қайта шығарған жөн деп санаймыз.

Марат АБУҒАЗИН,
Шығыс Қазақстан облысы
Тарбағатай ауданы
Ақсуат балалар өнер мектебінің
директоры

НЕБЫВАЛАЯ ПАНИКА ИЗ-ЗА КОРОНАВИРУСА В КИТАЕ

С самого начала появления и распространения коронарного вируса в Китае скончались по данным на 29 января 132 человека, зафиксированы около 6000 случаев заражения. Предположительно, их может быть еще больше – свыше 9 000. Может ли вирус в XXI веке убить миллионы людей, как «испанка» в 1919 году? Откуда он появился? Чем новая разновидность отличается от известных ранее?

НЕБЫВАЛАЯ ПАНИКА ИЗ-ЗА КОРОНАВИРУСА В КИТАЕ

Мир охватила небывалая паника из-за этого вируса! Для сравнения: туберкулез является одной из 10 ведущих причин смерти в мире. Например, в 2017 году туберкулезом заболели 10 млн человек, и 1,6 млн человек (в том числе 0,3 млн человек с ВИЧ) умерли от этой болезни. Туберкулез каждый день уносил в среднем по 4000 жизней. И не было никакого нагнетания ситуации – это притом, что делают вакцинации против туберкулеза, есть апробированные препараты и методы лечения. Привычно?

Или от эпидемии гриппа в США в 2015 году заболели 34 млн человек, 710 тысяч человек были госпитализированы, а 56 тысяч человек погибли в результате болезни. В 2018 году в США от гриппа умерли 80 тысяч человек, с октября 2019 года умерли уже около 20 тысяч человек, а заболели – около 15 млн. Однако никакой паники по этому поводу не было, а весь мир обсуждает только коронавирус. Такая ситуация вызывает удивление и непонимание.

Но есть и неофициальная информация о тысячах погибших от коронавируса, а зараженных – сотни тысяч и даже миллионы, которую власти скрыли. Мол, по этой причине беспрецедентные меры карантина в Китае.

Ведь весь мир в панике, биржи реагируют катастрофически, паника дегенерирует, аэропорты прекращают сообщения с Китаем. Смертельный коронавирус, распространение которого ускорилось по всему земному шару, наносит удар по фондовому рынку, и некоторые американские компании особенно уязвимы для этой болезни, поскольку их рост стимулируется китайскими потребителями. Аналитики выпускают предупреждения о ритейлерах, ресторанах и отелях, которые имеют высокий уровень доходов в Китае, но некоторые из них вынуждены закрыться.

Возбудителем заболевания стал новый тип коронавируса – 2019-nCoV. Ученые Национального центра по профилактике и контролю заболеваний КНР провели анализ проб среды и подтвердили, что вероятный источник вируса – оптовый рынок Хуанань в Ухане (для него даже не успели придумать название, а код 2019-nCoV означает «новый коронавирус, обнаруженный в 2019 году»). Кроме того, он схож с коронавирусом из организма летучей мыши, обитающей в городе Чжоушань провинции Чжэцзян.

Новый тип коронавируса передается от человека к человеку в основном воздушно-капельным путем. Среди симптомов – повышенные температуры, кашель, одышка и лихорадка. У тяжелобольных

